

УДК 327

Ж. Ә. Каринбаев,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
Дипломатия институтының
«Сыртқы саясат» кафедрасының аға оқытушысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕР БОЙЫНША КӨРШІ МЕМЛЕКЕТТЕРМЕН, ШЕКАРА МАҢЫ ӨҢІРЛЕРІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Аңдатпа

Мақала еліміз аумағы арқылы ағып өтетін трансшекаралық өзендердің мәселесіне, аталған ресурстар бойынша мемлекетіміздің және көрші елдердің ұстанымдарына, өзендер бойынша мемлекеттердің шекара маңы өңірлерінің ынтымақтастығына арналған.

Тірек сөздер: Трансшекаралық өзендер, суқойма, су реттегіш, бассейн, су ресурстарын интеграциялық басқару.

Аннотация

В статье комплексно рассматриваются проблемы трансграничных рек, протекающих через территорию Казахстана. Представлены позиции соседних стран и казахстанской стороны по трансграничным рекам, анализируются аспекты сотрудничества приграничных территорий по трансграничным водным ресурсам.

Ключевые слова: трансграничные реки, водохранилище, контррегулятор, бассейн, интегрированное управление водными ресурсами.

Abstract

The article deals with the issue of transboundary rivers running through the territory of Kazakhstan. It also discusses stances of neighboring countries, the Kazakhstani party on transboundary rivers and cooperation of border territories on transboundary water resources.

Keywords: transboundary rivers, reservoir, counter-regulator, basin, integrated water management.

Су ресурстарының адамзат өміріндегі алар орны ерекше. Күнделікті тұрмыстық тұтыныстан бастап өнеркәсіп өндірісіне дейінгі барлық жұмыстардың судың қатысуынсыз жасалынбайтындығы белгілі.

Табиғат катаклизмдерінің ең маңыздыларының бірі – су ресурстарының мәселесі. Бұл мәселелер кешені болғандықтан тек су ресурстарының азаюы ғана емес, сонымен қатар, судың түрлі заттармен ластануы, өзен көлдердегі, теңіздер мен мұхиттардағы кеме қатынасы, су ресурстарын жанжал – кикілжіңсіз дұрыс бөлісу, пайдалану және т.б мәселелерді қамтиды.

Трансшекаралық өзендер – тек Орталық Азия аймағының немесе ТМД кеңістігінің ғана мәселесі емес, ол халықаралық қатынастардың әлемдік деңгейдегі шешілуі күрделі мәселелерінің бірі. Әдетте өзен бір мемлекеттің аумағымен ғана ақпайтындықтан трансшекаралық статуска ие болады.

Қазақстан аумағындағы трансшекаралық сипаттағы өзендердің басым көпшілігі бастауын көрші мемлекеттердің аумақтарынан алады. Сол себепті, бір кездергі алпауыт КСРО ыдырап, оның құрамындағы мемлекеттер енші алысқаннан бері трансшекаралық өзендер мәселесі жас мемлекетіміздің стратегиялық ресурстар бойынша күн тәртібінен бір сәтке де түскен емес.

Мемлекетіміздің өзіндік ерекшелігі аумағындағы 14 облыстың 12-сі шекаралық өңірлерге жатқызылады. Тек Қарағанды және Ақмола облыстары ғана шекаралық облыстар болып табылмайды. Мұндай әкімшілік аумақтық бөліністің қалыптасуына су ресурстарының шекаралас сызықтарда орналасқандығы да өзіндік себеп болған.

Қазақстан Республикасы түрлі табиғат ресурстарына бай болғанымен су ресурстары мемлекет үшін өте өзекті мәселелердің бірі де бірегейі. Елімізде 39 мыңнан астам ірілі-ұсақты өзендер, 48 мыңнан астам көлдер орналасқан [1, 15-б.].

Сонымен қатар, республикада мұздықтар түріндегі тұщы судың үлкен қоры бар. Дегенмен, сумен қамтылу көрсеткіші бойынша Қазақстан ТМД елдерінің ішінде соңғы орынды иемденеді.

Себебі, жер бетіндегі су ресурстарының тек жартысы ғана ел аумағында түзіледі. Ал қалған бөлігі көрші мемлекеттердің аумағынан, атап айтқанда: Қытайдан – 18,9; Өзбекстаннан – 14,6; Қырғызстаннан – 3; Ресейден – 7,5 текше шақырым су ағып келеді [1, 20-б.].

Бүгінде трансшекаралық су ресурстарын рационалды пайдалану үлкен мәселеге айналып, халықаралық қауымдастық деңгейінде әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ушығуына, мемлекетаралық қайшылықтардың өсе түсуіне себеп болып отыр. Оған тек жыл санап салмағы өсе түскен демографиялық фактор мен үлкен көлемдегі су ресурстарын қажет ететін өнеркәсіптің дамуы ғана емес, сонымен қатар әлемдегі саяси ахуалдың бүгінгі сипаты да себеп болуда. Жекелеген мемлекеттер, оның ішінде көрші бауырлас мемлекеттер де өзінің сыртқы саясатында су ресурстарын саяси басымдығы ретінде пайдалануда. Бірақ, Қазақстан тарапы халықаралық заңнамаға сүйену арқылы ортақ су ресурстарына қатысты мұндай ұстаныммен ешқашан келіспейтіндігін ұдайы білдіріп келеді.

1992 жылғы Су Конвенциясы мен 1997 жылғы БҰҰ Конвенциясында су айдындарына нұқсан келтіргендегі міндеткерліктері, соның ішінде экологиялық нұқсан жағдайында мемлекеттер ынтымақтастығының ұйымдастырушылық құрылымы мен механизмдері, өзара ақпараттандыру жүйесі және ақпарат алмасу айқын жазылған.

Қазақстанның орта және шағын өзендерін қоспағанда бастауын Қытай, Ресей, Қырғызстаннан алатын, Өзбекстан арқылы ағатын Ертіс, Жайық, Сырдария және Іле сынды ірі өзендері қатты ластанған.

Бірақ, сөз болған іргелес мемлекеттердің бірде-бірі су ресурстарының трансшекаралық ластануы бойынша Конвенцияға қосылмаған. Тиісінше, көпжақты және екіжақты келіссөздер өткізіп, бірлесе мониторинг жасау, ортақ трансшекаралық өзендердің ластануының алдын алуға мүмкіндік беретін келісімдер жасасу бойынша жұмыс та төмен деңгейде қалып отыр.

Егер, трансшекаралық өзендерді ағып өтетін әкімшілік-аумақтық бірліктер, шекара маңы облыстарының негізінде талдар болсақ туындаған мәселелердің алғышарттарын біршама ұғынған болар едік.

Талдауымызды Алматы облысы аумағынан бастап қарастырсақ, өңірдің трансшекаралық санаттағы басты су арнасы Іле өзені бастауын ҚХР аумағынан алып, Балқаш ішкі су бассейніне құятын ең үлкен су ағыны екендігі белгілі.

Соңғы жылдары көрші Қытай Халық Республикасы өзінің елімізге іргелес, шекаралас батыс аумақтарын (Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданын) белсенді игеруді қолға алған. Шыңжаңдағы халық санының жыл санап артуы, көршілері елдермен ынтымақтастығының жүйелі дамуы, өңірде жаңа өндіріс орындарының көптеп ашылуы және ауылшаруашылық алқаптарының жаппай игерілуі, тиісінше, сумен қамтуда өзендерден алынатын су мөлшерін күрт көбейтті.

Нәтижесінде, әлемнің ең үлкен көлдерінің бірі – Алматы, Жамбыл және Қарағанды облыстарының шекарасында орналасқан Балқаштың экожүйесінде кереғар өзгерістердің орын ала бастағандығы байқалады. Жалпы Балқаш орналасқан аумақты Қазақстан халқының бестен бірі мекендейді. Сонымен қатар, алапта республикалық маңызға ие, мемлекетіміздің ең ірі мегаполисі Алматы орналасқан. Сондықтан, Балқаштың және трансшекаралық Іле өзенінің жайы – республикалық, қала берді халықаралық деңгейдегі күрделі мәселе.

Іле суының 77 пайызы ҚХР аумағында түзіледі. Соңғы жылдары ҚХР-ның өзен суын пайдалануы күрт артып, жылына 4,42 км³ құрап отыр. Іле суының органикалық және мұнай өнімдерімен ластануы байқалады. Нәтижесінде, Балқаш көлінің деңгейі төмендеп, көлдің тұздылығы артып келеді. Қазіргі уақытта орташа тұздылық литріне 1,5 грамм мөлшерінен 2,3 грамм мөлшеріне көбейген.

Мамандардың пікірінше, егер өзен суын пайдалану тағы 10-15% өсетін болса Балқаштың деңгейі төмендеп [3, 100-б.], Арал сценарии қайталануы мүмкін.

Мемлекетіміз тарапынан трансшекаралық санаттағы Іле өзенінің ағынын қорғау бойынша қандай жұмыстар атқарылуда?

Қытай Халық Республикасы мен мемлекетіміздің «Трансшекаралық өзендерді пайдалану саласы мен қорғау бойынша ынтымақтастық» келісіміне байланысты 2001 жылдың

11 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1175 Қаулысы қабылданған [4]. Бірақ, өзен ағынын сақтау бойынша айта қоярлықтай жетістіктер жоқтың қасы.

Ал өзен бойындағы экологиялық, антропогенді өзгерістер жалғасуда. Іле атырабы 30 ішінде адам танымастай өзгерген. Ағынның өзгеруімен атыраптағы 16 шағын көлдің тек 5-уі сақталған. Халық шаруашылығында жем ретінде пайдаланылған қамысты аумақтар күрт кеміген. Балық шаруашылығына үлкен нұқсан келген.

Қалыптасқан жүйеге сәйкес еліміздің кезекті әкімшілік-аумақтық бірлігін қарастырар болсақ, ол Жамбыл облысы. Облыстың жер көлемі – 144 264 км². Халық саны шамамен – 1 млн 84 мың адам шамасында [5].

Өңірдің трансшекаралық санаттағы өзендері Шу және Талас. Бүгінде, Шу мен Талас бассейнінің қазақстандық бөлігінде шамамен 1 млн. астам халық тұрып жатыр. Ал Қырғыз Республикасының іргелес аудандары халқымен қоса есептегенде, аумақты 3 млн. астам халық мекен етуде.

Шу – бастауын Қырғызстаннан алатын, жалпы ұзындығы – 1069 шақырымды (оның 600 шақырымы Қазақстан аумағында) құрайтын өзен. Өзен негізінен Жамбыл облысында орналасқанымен, соңы Оңтүстік Қазақстан облысына жетіп суалады.

Шу өзені аңғары шаруашылық мақсатта ертеден игеріле бастаған. Бүгінде, Шу өзенінің қырғыз бөлігінде - 17, қазақ бөлігінде – 14 суқойма бар.

Талас өзені де өз бастауын Қырғыз жерінен алады. Жалпы су жинау бассейні – 53 мың шаршы шақырым, оның 78 пайызы Қырғызстанға, 22 пайызы Қазақстан тарапына тиесілі. Өзен Мойынқұм шөлінде суалады.

Өзендер еріген мұздықтар мен қар суынан басталады. Қазіргі уақытта Шу және Талас өзендерінің ағыны Қырғызстандағы Орто- Токой және Киров су қоймалары арқылы реттеледі [6, 12-б.]. Сондықтан, Шу және Талас өзендеріндегі ахуал қазақ– қырғыз ынтымақтастығына тікелей байланысты. Басқа трансшекаралық өзендермен салыстырғанда Шу және Талас өзендеріндегі су ағынын реттеу бойынша екіжақты ынтымақтастықты жақсы деңгейде деуге негіз бар.

Ынтымақтастық және өзен ағындарын реттеу ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің құзырында. Ал аталмыш су ресурстарын Шу – Талас бассейндік инспекциясы бақылайды [6, 18-б.].

Мемлекеттердегі ирригациялық жүйелердің тозуына байланысты Шу және Талас аңғарының қазақстандық бөлігін сумен қамту бойынша жекелеген қиындықтар орын алуда.

2006–2011 жылдар аралығында Қазақстан суды өзіне қажетті деңгейден аз мөлшерде алып келген. Жамбыл облысының Шу өзені есебінен сумен қамтылу деңгейі қажетті деңгейдің 90 пайызын, ал су аз жылдары небәрі 77 пайызын құраған. Маусымдық су бөлінісі де жиі бұзылған. Бұл жағдай, әрине облыстың ауыл шаруашылығына елеулі нұқсан келтірген.

Ирригациялық жүйелер жағдайының нашарлығынан Талас өзені суының орташа 27, Шу өзені суының - 23 пайызы ысырап болған [6, 19-б.].

Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы Шу өзенінің ағынын бөлісу 1983 жылғы 24 ақпандағы «Шу өзені бассейнінің ағынын бөлу ережесі», ал Талас өзені бойынша 1983 жылғы 31 қаңтардағы «Талас өзені ағынын бөлу ережесі» бойынша және 1983 жылдың 18 шілдесіндегі Хаттама арқылы реттеледі [6, 20-б.].

Өзендердегі су ресурстарын өзара тиімді пайдалану мақсатында 2000 жылы Астана қаласында «Шу және Талас өзендеріндегі су шаруашылығы нысандарын мемлекетаралық пайдалану бойынша» үкіметаралық келісім жасалып, құжат су саласы бойынша ынтымақтастықтың құқықтық негізіне айналды. Келісімге сәйкес Қырғызстан аумағында орналасқан су шаруашылығы нысандарын эксплуатациялау мен техникалық қызмет көрсетуін бірлесе қаржыландыру көзделген (Талас өзеніндегі Киров суқоймасы, Орто –Токай суқоймасы, Шу өзеніндегі Батыс және Шығыс каналдары және Чумыш су нысаны).

Келісімді жүйелі орындау мақсатында Шу және Талас өзендеріндегі су шаруашылығы нысандарын мемлекетаралық негізде пайдалану бойынша бірлескен комиссия құрылып, өз жұмысын бастады (ШТСК).

ШТСК құзыреті:

- Үкіметаралық келісімнің орындалуы бойынша ұйымдастырушылық және үйлесімді жұмыс;
- Траншекаралық су нысандарының жағдайы бойынша кешенді талдау мен болжамдар жасау;
- Лимиттерге сәйкес суды пайдалану;
- Төтенше жағдайларда бірлесе әрекет ету;
- Гидрологиялық болжамдармен алмасу;
- Мемлекетаралық су нысандарының қалыпты жағдайда болуына қатысты қазақстандық үлесті қадағалау.

ШТСК-тың тиімді жұмыс атқаруы үшін хатшылық және бес жұмыс топтары қызмет жасауда [6, 20-б.].

Жалпылама алғанда өзендер бойынша қазақ-қырғыз ынтымақтастығында ешбір мәселе жоқ секілді. Бірақ, күнделікті өмірдегі жағдайдың ойлағандай емес екендігін уақыттың өзі көрсетіп берді.

Біріншіден, Қырғыз тарапынан судың сапасын ұдайы бақылау төмен деңгейде. Ластануда нитраттардың, фенолдар мен мыстың үлесі жоғары. Бұл өзен суларын басым түрде суармалы жер шаруашылығы мен мал шаруашылығына пайдаланатын Жамбыл облысының шаруашылығына едәуір нұқсан келтіреді.

Екіншіден, жасалынған құқықтық базаға, құрылған бірлескен комиссия (ШТСК) жұмысына қарамастан қырғыз тарапы су ағынын санкцияланбаған негізде алуда. Атап айтар болсақ, 2010 жылдың мамырында, 2011 жылдың маусымында, 2012 жылдың мамырында, 2013 жылдың мамыр және шілде айларында аталғандай жағдайлар орын алған.

Талас өзенінде Қырғызстан мен Қазақстанды жалғайтын Быстроток атты канал бар. Жалпы ұзындығы 22,2 шақырым. Соның 12,8 шақырымы Қырғыз аумағында.

2013 жылдың шілде айында Қырғыз Республикасы Талас облысының Көксай және Қайнар айылдарының халқы 40 градусық аптап ыстықта каналды өз беттерімен 10 күн бойына жауып тастаған [7]. Нәтижесінде, Жамбыл облысы Жуалы ауданындағы 1800 гектардай суармалы егістік пен бақша үлкен зардап шеккен.

Мәселе премьер министрлердің, жергілікті билік өкілдерінің қатысуымен өткен кездесуден кейін ғана реттеліп, каналмен су қайта беріле бастады.

Үшіншіден, көрші мемлекетте бірнеше рет орын алған саяси қайшылықты оқиғалар және соңғы жылдарғы терактілер қаупінің өсуі қос мемлекет арасындағы, су нысандарын бірлесе күзетуді күшейтуді күн тәртібіне қойып отыр.

Қырғызстан жалпылама алғанда Орталық Азиядағы суға қатысты ірі ойыншылардың бірі. Себебі, ел аумағында Орталық Азияның күре тамыр өзендерінің бірі – Сырдарияның негізгі ағыны түзіледі.

Сырдария – Орталық Азия өзендері ішіндегі ең ұзыны, суының молдығы бойынша аймақтың екінші өзені. Негізгі саласы Нарынның бастауынан Аралға құяр тұсына дейінгі өзеннің жалпы ұзындығы – 3019 шақырымды, ал су жинау алабы – 219 мың шаршы шақырымды құрайды. Су қоры мұздақтар мен қар суынан құралады. Сырдария суының 75,5 % Қырғызстан аумағында түзіледі. Өзен ағынының түзілісіндегі Өзбекстанның үлесі – 15,2 % құраса, Қазақстан мен Тәжікстанның үлестері тиісінше, 6,9 % және 2,7 % құрайды [8, 12-б.].

Сырдария өзеніндегі экологиялық тепе-теңдік ХХ ғ. 60 жж. ортасына дейін сақталып келді [9, 31-б.]. Өзен бассейнінде 1965–1985 жылдар аралығында суды көпжылдық және маусымдық реттеуге арналған – Тоқтоғұл (Қырғызстан), Шардара (Қазақстан), Қайраққұм (Тәжікстан), Чарвак және Әндіжан (Өзбекстан) сынды суқоймалар салынды. Сырдария ағынын реттеу мен пайдалану мақсатында Қазақстан аумағында Қызылорда, Қызылқұм және Қазалы суғару жүйелері жасалынды [10, 11-б.]. Нәтижесінде, Арал теңізіне келіп құйылатын Әмудария және Сырдария судың күрт кемуінен, теңіздің аумағы кішірейіп кетті. Қазіргісі 50 жыл бұрынғы ауданының небәрі ¼ құрайды [8, 13-б.].

Аталған шаралар барысында Сырдария өзені толықтай бақылауға алынды. Өзеннің Қазақстан аумағындағы ағыны 14,5 текше шақырымды құраса, жылдық жалпы ресурсы 18 текше шақырымды құрайды [11, 69-б.].

Және бүгінде ғаламдық экологиялық апат аймағына айналған Арал теңізі – бір кездергі асыра сілтеушілік пен ысырапшылдықтың бүгінге қалдырған мұрасы.

1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап, Орталық Азия аймағында бес тәуелсіз мемлекет пайда болды. 1992 жылға дейін жоғарғы Сырдариядағы су тораптарының пайдалану режимі ауыл шаруашылығының қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған болса, ал 1992 жылдан кейін Нарын-Сырдария СЭС-ы каскады энергетикалық жұмыс режиміне көшті.

Сырдариядағы көпжылдық ең мол су қоры жинақталған нысан – Қырғызстандағы Тоқтоғұл су қоймасы. Су қойманың көлемі – 19,5 млрд. текше метр суды құрайды. Бұл өзен бойындағы өзге су қоймалардың барлығын қоса алғандағыдан үлкен көлем. Сондықтан да, Сырдариядағы су ағыны, оның маусымдық өзгергіштігі Қырғызстанның ұстанымына тікелей байланысты.

Егер бұрнағы жылдары аталған су қоймадан су жіберудің 75 пайызы егістікке қажетті көктем–жаз айларында жүзеге асырылса, 1993 жылдан бастап электр қуатын алу мақсатында қыс мезгілінде жалпы жылдық ағынның 60 пайыздан астамы жіберіледі [11, 70-б.].

Қыс айларында ағызылған мол су өзеннің төменгі бөлігінде орналасқан Өзбекстан мен Қазақстан мемлекеттері үшін қауіп туғызып, тиісінше, суғару маусымындағы су тапшылығына алып келді.

Кеңестік кезеңде ағын су мөлшері күрт кемігендіктен және өзен негізінен шөлді аймақтан ағып өтетіндіктен, қазір арнасы тарылып, су өткізгіштігі кеміп кеткен.

Сондықтан, 1969 жылғы алапат су тасқынынан кейін су мол жылдары Шардарадан шыққан судың бір бөлігін Өзбекстан аумағына ағызу қолға алынған болатын. Нәтижесінде, 2005 жылы Арнасай ойпатындағы жасанды Айдаркөлдің көлемі 44,3 текше шақырымды құрап, ернеуінен толды. Үш мемлекеттің өзара келісімге келу қадамдары нәтиже бермеді. 2003 жылы Шардарадан екі шақырым қашықтықта, суқоймадан тасталатын судан қорғану мақсатында өзбек тарапы шағын плотина салды [13]. Нәтижесінде, Сыр суынан өзбек аумағынан төмен орналасқан қазақ тарапына келуі мүмкін қауіп деңгейі арта түсті. 2008 жылғы көктемгі су тасқыны барысында Оңтүстік Қазақстан облысында 3 мыңнан астам үйлер мен әлеуметтік нысандар зардап шегіп, жалпы көлемі 130 млн. АҚШ доллары көлемінде зиян келді.

Жалпы Қазақстан тарапының Сырдария өзені мен Арал бассейніне қатысты негізгі мүддесі және оған қатысты ұстанымдары келесідей:

– Суармалы егіншілік жақсы дамыған Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары диқандарын маусымдық өзгерістерге ұшырамайтын, тоқтаусыз әрі тұрақты жұмыс жасайтын ирригациялық жүйемен қамтамасыз ету;

– Қырғызстан мемлекетінің суды пайдалануы барысында орын алатын, және көктемгі су тасқындарынан өзен бойында отырған халықты қорғау, тасқынды болдырмау;

– Сырдария өзені арнасының су өткізгіштігін арттыру;

– Сырдария өзеніндегі және Арал теңізі бассейніндегі санитарлық ахуалды жақсарту түсу;

– Экологиялық апат аймағы – Арал теңізінің Қазақстандық бөлігі, Көкаралды сақтау арқылы өңірдегі қоршаған ортаның ластануын болдырмау, бір кездегі танымал балықшылығын кәсібін қайта жаңғырту.

Бүгінгі күні мемлекетіміз алға қойылған және шешімі өте өзекті осындай мақсаттарды орындауды кезең-кезеңімен, жүйелі әрі кешенді жүзеге асырып келеді [11, 71-б.].

Алғашқы қадам өзендегі су тасқынын ырықтау болатын. Бұл бағытта, Қазақстан ОҚО аумағында Шардара су қоймасына қосымша Көксарай су реттегішінің құрылысын бастап, 2010 жылы аяқтады. Сол жылдың наурыз айында Көксарай су реттегішінің ашылу рәсімі болып, аталған шараға Президент Н.Назарбаев қатысты. Жобаның жалпы құны 52 млрд. 346 млн. теңгені құрады [13].

2010 жылғы көктемнің өзінде су қоймасы өз мүмкіндігінің үштен бірін пайдаланып, 1 текше шақырым су қабылдады [14]. Қазіргі уақытта Көксарай толық қуатында жұмыс жасап тұр.

Көксарай контрреттегіші, келесідей міндеттерді шешеді:

– қысқы су басудан ішінара Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары халқының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

Көрші мемлекеттерден қыс маусымында түскен мол судың бір бөлігін өзіне қабылдап, ағыны егіншілікке қажетті көктем–жаз айларында азаятын Сырдария арнасымен қажетті су мөлшерін жібереді;

Аралдың бөлініп қалған бөлігі – Көкаралды қажетті су мөлшерімен қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Орталық Азия аймағы, тіпті әлемдік қауымдастық үшін басты экологиялық мәселелердің бірі – Арал апаты екендігі күмән тудырмайды. 1989–1990 жылдары Арал теңізі екі бөлікке: Үлкен және Кіші Аралға бөлінді. Жағалау сызығы 60–80 шақырымға дейін, кей жерлерде 100 шақырымға дейін тартылған болатын.

Теңізді қалыпқа келтіру бойынша аймақ елдерінің бірлескен жұмысынан нәтиже аз болғандықтан Қазақстан Республикасы Сырдария өзенін, Арал теңізінің қазақстандық бөлігін сақтау бойынша шешімтал қадамдарға барды.

Соңғы жылдары өзеннің төменгі ағысында САРСАТС (Сырдария арнасын реттеу Солтүстік Арал теңізін сақтау) жобасы шеңберінде қолданыстағы гидротехникалық құрылыстарды қайта құру және жаңасын салу бойынша іс-шаралар жасалуда.

Жұмыстың бірінші кезеңі барысында ұзындығы 13 шақырымды құрайтын Көкарал плотинасы салынды. Нысан пайдалануға 2005 жылдың тамыз айында берілді. Бұл бөгет Солтүстік (қазақстандық) Аралды үлкен Оңтүстік Аралдан оқшаулап тұр. Сонымен қатар, САРСАТС-тың бірінші кезеңінде Сырдария өзенінде бірнеше гидротехникалық нысандар салынып, Шардара бөгетінің реконструкциясы жүргізілді. Аталған жұмыстар өзеннің су өткізгіштік мүмкіндігін арттыру және Көкаралды сумен қамтамасыз ету мақсатында жасалынды.

Жобаның нәтижелігі жақсы. Қазіргі уақытта Көкаралдың жағалауы қалаға 17 шақырымға жақындап, судың минералдылығы литріне 23-тен 17 граммға дейін төмендеген [15]. Сырдария өзенінің қысқы мерзімдегі су өткізгіштігі артып, секундына 650–700 текше метрді құрады. Нәтижесінде, Сырдариядан құйылатын су көлемі артып, өзеннің төменгі ағысындағы көлдер қалпына келтірілген. Аралдағы балықтың 13 түрінің популяциясы жаңғырып, балық аулау көлемі артқан [16].

САРСАТС – 2 жобасының жүзеге асырылуы сарапшылардың пікірінше, Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін бермек.

Жоба шеңберінде 8 компонент жүзеге асырылмақ. Алғашқы кезеңде олардың алтауы, атап айтқанда: Қызылорда гидроторабының сол жақ шлюзін қалпына келтіру, облыстың екі ауданында қорғау бөгеттерін салу, екі учаскеде Сырдария өзенінің арнасын түзету, Бірлік ауылы тұсындағы автокөлік көпірін салу, сонымен қатар, Қамыстыбас және Ақшатау көл жүйелерінің қалпына келтірілуі, Арал ауданындағы Тастақ учаскесінде Қамыстыбас балық питомигінің тоғанын кеңейту жоспарланған.

Ал Көкарал бөгетін бекемдеу мен биіктету де САРСАТС - 2 жобасының екінші кезеңінде жүзеге асырылмақ. Бөгет қазіргі 42 метр деңгейінен 48 метрге дейін биіктетілмек. Аталған жұмыстар барысында, Солтүстік Аралдың аумағы 3151 шаршы шақырымнан 4645 шаршы шақырымға дейін кеңейетін болады. Судың көлемі 27 текше шақырымнан 50 текше шақырымға дейін ұлғайып, минералдығы литріне 12-ден 8 граммға дейін азаймақ. Ал жағалау жоба соңында қалаға 1 шақырымға дейін жақындамақ. Балық аулау жылына 30 000 т. дейін жеткізіліп, жаңа жұмыс орындарын ашу, туризм кластерін дамыту жоспарлануда [11, 72–73-бб.].

Сырдария алабындағы суға байланысты ахуал біршама реттелгенімен еліміздің Ресей Федерациясымен шекараласатын батыс облыстарындағы трансшекаралық өзендерге

байланысты ахуал күрделі күйінде қалып отыр. Қазақстан Республикасының 7 облысы Ресей Федерациясымен тікелей шектеседі. Ресеймен шекарамызда трансшекаралық статуска ие бірнеше ірі өзендер бар. Солардың бірі – Жайық өзені.

Батыс Қазақстан аймағының Маңғыстау облысынан өзге облыстарының күнделікті өмірі Жайық және оның салаларына тікелей байланысты.

Бүгінде Жайық өзеніндегі қалыптасқан жағдай ресейлік және қазақстандық мамандарға дабыл қақтыруда. Себебі, өзендегі су ағыны күрт кемігендіктен өзеннің деңгейі түсіп, арнасы тарыла түсуде. Балық түрлері, оның ішінде құнды бекіре тектес балықтар күрт кеміп кеткен.

Қазіргі уақытта өзендегі жылдық су дефициті 4,7 текше шақырымға жеткен. Бірақ, өзен бұрынғысынша 70 қала мен елді мекендерді сумен қамтып, 4,5 млн. астам адам тұратын аумақпен ағуда [17, 26-б.]. Олардың 2,2 млн. қазақстандықтар [1, 17-б.].

Қазіргі уақытта Жайық өзенінде 18 ірі және орта су қоймалар бар. Олардың ең ірісі, көпжылдық ағын реттеуші – Ирикли су қоймасы [18, 23–67 бб.].

Өзеннің трансшекаралық статусын ескере отырып, ең алдымен Жайықтың орта және төменгі ағысындағы Қазақстан Республикасының аумағы үшін болуы мүмкін экологиялық – гидрологиялық салдар шынайы әрі объективті бағалануы қажет. Себебі, табиғи ағынның бұзылуы қазақстан-ресей шекара өңіріндегі экологиялық – географиялық және геосаяси жағдайға теріс ықпал етуі мүмкін.

Жайық өзенін пайдалану бойынша өңіраралық және мемлекетаралық тығыз әрі белсенді ынтымақтастық қажет. Дей тұрғанмен, Жайық өзенінің Башқұртстан Республикасындағы алабында соңғы 10–15 жыл ішінде едәуір ірі – Акъяр, Бузавлык, Таналык және Мекан суқоймалары салынған [18, 23–69-бб.].

Бірақ, Жайық өзенінің және Ресеймен арадағы өзге де трансшекаралық өзендердің жайы Қазақстан және Ресей президенттерінің бастамасымен өткізілетін шекаралық аймақтардың форумында ұдайы көтеріліп келеді. Мысалы, шекаралық ынтымақтастық комиссиясының 2001 жылғы отырысында ҚР мен РФ-ның құзырлы орталық органдарына Жайық өзенінің бассейніне енетін аумақтардың экологиялық мониторингін жасаудың мемлекетаралық жүйесін қарастыру ұсынылған болатын.

Араға уақыт сала Ресей мен Қазақстанның 2007 жылы Новосибирск қаласында өткен Шекаралық өңірлер форумында Орынбор облысының губернаторы А.А. Чернышев Жайық өзенінің экожүйесін сақтау мен экологиялық мониторинг жүргізетін ресей-қазақстан комитетін құруды ұсынған болатын [18, 27-б.].

Форум нәтижесінде сарапшылардан жұмыс тобы құрылғанымен өзен үшін тазалық қағидалары және оған құйылатын трансшекаралық сулардың сапасы мен тазалану жайы әлі жасалынбаған, тіпті келісілмеген.

Әдетте қазақстандық ғалымдар мен БАҚ Қазақстанға іргелес мемлекеттерден келетін трансшекаралық өзендер мәселесін өткір жазып жатады. Бірақ, еліміз аумағында түзіліп, өзге мемлекеттердің аумағына ағып кететін трансшекаралық өзендер аз жазылады. Сондай трансшекаралық өзендердің бірі – Тобыл.

Тобыл өзені – Қостанай облысының аумағында түзілетін трансшекаралық су көзі. Өзен Бозбие және Көкпектісай өзендерінің қосылуынан түзіледі. Ертіс өзенінің сол жақ және ең мол сулы. Өзеннің ұзындығы – 1591 шақырым, ал су жинау алабы – 426 мың шаршы шақырым. Ертіске құяр тұсындағы көпжылдық орташа ағысы – 805 м³/с [1, 19 б.].

Өзен алабында облыс орталығы Қостанай және өңірдің ірі өндірісті қаласы Рудный орналасқан. Тобыл өзенінің қазақстандық бөлігінде өндірісті және ауыл шаруашылық жерлері орналасқандықтан өзен суы біршама ластанған. Бұл Ресей Федерациясының шаруашылығына біршама нұқсан келтіруде.

Ертіс өзеніне Ресей аумағында құятын оның негізгі салаларының бірі – Есіл өзені. Есіл бастауын Нияз тауынан алып, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары арқылы ағады. Орта және төменгі ағысы Ресей Федерациясының аумағы арқылы өтеді. Өзеннің ұзындығы – 2450 шақырым, су жинайтын алабы – 177 000 шаршы шақырым. Жылдық орташа су шығыны –

56,3 м³/с [19, 434 б.]. Өзен Астана қаласы, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары үшін экономикалық және шаруашылық маңызға ие.

Есіл өзенінде жалпы көлемі 1 текше шақырымды құрайтын 16 суқойма бар және олардың барлығы да Қазақстан аумағында орналасқан. Сергеев суқоймасын реконструкциялағаннан кейін төменгі су ағынын жіберу кепілдігі 2,4 м³/с көбейтілді. Ол өз кезегінде Ресей Федерациясының Тюмен облысындағы өзен арнасына жағымды ықпал етуде.

Қазіргі уақытта, өзен бойынша құрылған Ресей–Қазақстан комиссиясының шеңберінде арнайы жұмыс тобы судың сапасымен, жазғы су мол кезеңде ағынды шұғыл реттеу сұрақтарымен айналысуда. Гидрологиялық сынамалар мен гидрохимиялық талдау жүргізу мақсатында өзен бойында екі трансшекаралық мониторинг станциялары жұмыс жасай бастады. Олар: Долматов (Қазақстан) және Ильинск (Ресей Федерациясы).

Өзен суының XX ғасырдың 90 жж. орта тұсынан бастап алынып келе жатқан сынамалар тұрақты түрде «таза» (2 класс) және «төменгі дәрежеде ластанған» (3 класс) деңгейін көрсетіп келеді.

Есіл өзенінің бойындағы Қазақстанның елордасы Астана қаласы жыл өткен сайын дамып келеді. Қазіргі уақытта Астана қаласының халқы – 870 мың адамнан асты. Барысында Есіл өзенінің суын пайдалану арта түсуде. Қаланың сумен қамтылуын оңтайландыру мақсатында Есіл – Нұра каналы тартылған.

Есіл өзенінде қалыптасқан өңіраралық ынтымақтастық өкінішке орай, Ертіс өзені алабына тән емес. Қазақстанның солтүстік-шығысы мен шығысында орналасқан Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстары ірі өндірісті өңірлер.

Облыстардың ең ірі су артериясы – Ертіс өзені. Ертіс – Солтүстік мұхиты бассейнінің өзені. Обь өзенінің сол жақ саласы. Жалпы ұзындығы – 4228 шақырым (оның 1700 шақырымы Қазақстан аумағында), су жинау алабы – 1 643 000 шаршы шақырым. Жылдық орташа ағыны – 3000 м³/с [19, 408-б.]. Ертіс Қытай, Қазақстан және Ресей Федерациясы үшін ерекше маңызға ие су көзі.

Бүгінгі Қытай қарқынды дамып келе жатқан алпауыт экономика. Мемлекет соңғы жылдары батыс аумақтарын дамытуға орасан қаражат жұмсауда. Жыл санап батыс аумақтардың халық саны да өсіп келеді. Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының солтүстік бөлігіндегі ең ірі су көзі – Қара Ертіс өзені. Қарамай өндірісті ауданын жеткілікті дәрежеде сумен қамту мақсатында екпінді түрде Қара Ертіс – Қарамай каналы салынды. Мұндай ауқымды жобалар қазірдің өзінде өзеннің ағынына нұқсан келтіріп отыр [20].

Ресми ақпарат бойынша ҚХР бүгінгі күні Қара Ертіс суының шамамен 10 пайызын өз мақсаттарына пайдалануда. Бірақ, отандық су мамандарының пікірінше қытай тарапы қазірдің өзінде Қара Ертіс суының 35 пайыздайын пайдалануда. Себебі, елімізге Қара Ертіс арқылы ҚХР-н 1989 жылы 7,8 текше шақырым су келген болса қазір келетін судың мөлшері небәрі 5 текше шақырымды құрайды [21].

Келешекте Қытайдың суландыру саясатынан Қазақстан мен Ресейдің бірқатар аудандарында су тапшылығы туындап, экологияға, өндіріс пен шаруашылыққа үлкен нұқсан келуі мүмкін. Бүгінгі күні Ертіс өзенінің Қазақстандық бассейні бойын шамамен 2,5 млн. адам мекендеуде.

Бірақ, ҚХР өзеннің өз шекарасынан төменгі бөлігіндегі күрделі жағдайға алаңдаушылығын білдіріп отырған жоқ және өз аумағында су ресурстарын сақтайтын технологияларды қолдану, су пайдалануда теңгермелік саясатын жүргізу бағыттарында іс жүзінде жұмыстар атқарылмауда.

Қазақстан Республикасы өзендегі су ағынының күрт азаюына байланысты алаңдаушылығын білдіріп, қытай тарапымен келіссөздерін 1999 жылы бастап, сол жылдың 5–11 мамыры аралығында Бейжің қаласында өткен кездесулердің алғашқы раундында сала мамандары өзара пікір алмасқан болатын.

Араға уақыт сала 2001 жылы Қазақстан мен ҚХР арасында трансшекаралық өзендерді пайдалану мен қорғау саласында ынтымақтастық келісімін бекіткенімен, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілмеген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 2007 жылғы Қазақстан мен Ресейдің шекаралық өңірлер форумында: «біз Қытай тарапының Ертісте ирригациялық нысандарды салып, үлкен көлемдегі су ағынын алуына алаңдап отырмыз. Меніңше, осы бағыттағы жұмысты Қазақстан – Ресей – Қытай форматында белсендіре түсу керек» деген болатын.

Дей тұрғанмен, қытай тарапы қазақстандық және ресейлік мамандардың дабыл қағуын негізсіздеу деп санайды. Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы үкіметі төрағасының орынбасары Ху Вэй өзінің Павлодар облысына сапары барысында қытай тарапынан аймақтағы ірі су артериясының экожүйесін сақтауға бар мүмкіндіктің жасалынғандығын: ауданда өзенді қорғау бойынша арнайы бағдарламаның бар екендігін және аймақта Ертіс өзеніне жақын жерлерде өндіріс ошақтарын салуға тыйым салынғандығын мәлімдеген болатын.

Ресей жағы да қытай тарапына Ертіс бойынша тығыз ынтымақтастықтың қажет екендігін ұдайы мәлімдеп келеді. Себебі, өзен суының азайғандығы соншалық халық саны 1,2 млн астам Омбы қаласына өзеннен су жеткізу қиындап кеткен.

Ертіс өзенінің мәселесі – трансшекаралық өзендердің мәселелер кешенінің тек бір қыры ғана. Бұл мәселеде жақсы нәтижелерге тек үш мемлекеттің тығыз, өзара ақпарат алмаса жасаған жұмысы арқылы ғана жетуге болады. Бұл ретте іргелес шекаралық өңірлердің өзара ынтымақтастығы аса маңызды.

Соңғы жылдардағы моделдеу тәсілі келешекте Орталық Азияның табиғи ресурстарында үлкен өзгерістердің болатындығын көрсетіп берді. Жылыну барысында Тянь-Шань және Памир тауларындағы мұздақтардың көлемі күрт кемімек. Болжамдық сипаттағы ресми мәліметтерге сәйкес, 2050 жылға қарай мұздақтардың 45–60 % дейінгі бөлігі жойылатын көрінеді. Нәтижесінде, жақын 20 жылдың ішінде мұздықтардың еруінен пайда болатын су ағыны тек таулы аудандарда ғана молайып, өзге бөліктерде керісінше кемитін болады [22, 4-б.].

Мұндай іргелі болжамдарға Қырғызстан мен Тәжікстанның судан электр қуатын өндіруді арттыру бойынша жоспарларын қосыңыз. Қалай дегенмен де мемлекеттердің су энергетикасына қатысты жоспарлары аймақтағы онсыз да күрделі трансшекаралық өзендердің суын азайтып, қоршаған ортаға кезекті зиянын тигізуі мүмкін. Тянь-Шань тау сілемдерінен Сырдария, Іле, Шу және Талас өзендері өз бастауларын алады. Сондықтан, жағымсыз сценарий жағдайында Балқаш көлінің айдыны азайып, аймақтағы ауа-райы үлкен өзгерістерге ұшырау мүмкіндігі жоғары.

Ертіс өзенінің алабы бойынша ҚХР-ның келешектегі өсу қарқынына сәйкес 2030 жылға қарай бассейн аумағындағы халық саны 15 пайызға артып, суды тұтыну 4,5 текше шақырымға жететіндігі болжануда. Нәтижесінде, өзен кемешілігіне нұқсан келіп, өзеннің минералдануы күрт өсуі мүмкін.

Жайық өзенінің бойында Ресей мен Қазақстанның бірқатар ірі өндіріс ошақтары орналасқандығы белгілі. Келешекте өзен суын пайдалану жыл санап тек арта түспек. Аталмыш жағдайға ғаламшар деңгейіндегі жылыну үдерісінің барысында Орал тауларындағы мұздықтарға келетін кері әсерді қосар болсақ, өзен суын бірлесе пайдаланудың кезек күттірмейтін бастама екендігі анықталады.

Қазіргі кезеңде трансшекаралық өзендердің мәселесі өткір екендігі күмән туғызбайды. Алайда мемлекеттердің экономикасы үшін стратегиялық маңызды осы ресурсты өзара бірлесе отырып табиғи – тепе-теңдікті бұзбастан пайдалануға болады. Уақыт сынынан өтіп, өзінің тиімділігін көрсеткен амалдар жоқ емес. Қазіргі аймақтық экономикалардың даму барысын, демографиялық өзгерістерді, геосаясатты және өзге де факторларды негізге ала талдар болсақ:

Қалыптасқан күрделі ахуалдан шығар негізгі жолдардың бірі де бірегейі **СРИБ – су ресурстарын интеграцияланған түрде басқару жобасы (ИУВР)**.

СРИБ (ИУВР) жобасының атқарылуы Қазақстан мен Өзбекстанда БҰҰ Даму бағдарламасының (ПРООН) қолдауымен жүзеге асырылуда. Қазақстан бұл үдерісте бастамашы болып, көрші мемлекеттерге дұрыс бағыт-бағдар көрсетті. Жұмыс 2000 жылдан

басталып, су ресурстарының СРИБ-ға көшуіне қажетті барлық алғышарттар жасалына бастады. Жобаны жүзеге асыру барысында бірқатар институционалды, заңнамалық және ақпараттық өзгерістер жасалды.

Су ресурстарын интеграциялы басқарудың басты мақсаты – ауыл шаруашылығы тәжірибесінде суды тиімді (үнемді) пайдалану, дефицитті суғару, ауыл шаруашылығындағы суды кері екінші рет пайдалануды жүзеге асыру және тиімділігі мен өнімділігіне қарай егістік танаптарды қысқарту.

Траншекаралық өзендер мәселесі күн тәртібіне өткір шығып тұрған қазіргі кезеңде бұл бастаманы Қазақстанмен іргелес өзге де мемлекеттерге ұсынып, жобаның жұмыс жасауына күш салу маңызды.

Кезекті атқарылуы тиіс қадам, трансшекаралық өзендер ағып өтетін немесе түзілетін өңірлерде ішкі мониторингті жолға қою және өзен арналарын тазартып, кеңейту жұмыстарын атқару. Сонымен қатар, жаңа өндіріс орындарын салмас бұрын олардың қоршаған ортаға ықпалын егжей-тегжейлі қарау. Қазір өзен суын жүйесіз пайдаланудан ысырапшылық орын алып, нәтижесінде, жекелеген өзен арналары тарылып кеткен. Өзен салаларында бақылауды күшейтіп, арналарын тазалау өзен алабтарын тасқын басуына жол бермейді. Ал салынатын өндіріс орындарының қоршаған ортаға ықпалын егжей-тегжейлі қарастыру өзен суының шамадан тыс ластанбауын назарда ұстауға мүмкіндік береді.

Су саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтан өзге өңір аралық ынтымақтастықты жолға қою, өзен бойындағы атқарылып жатқан немесе атқарылатын жұмыстардан өзара ақпарат бөлісу жүйесін енгізу. Траншекаралық өзендердің мәселесі бойынша көршілес мемлекеттердің үкіметтері деңгейіндегі жұмыс маңызды, қажет қадамдар. Бірақ, дұрыс, өзара келісімде, бір-бірін ақпараттандыра жұмыс жасаған жағдайда шекаралас өңірлердің өзара жұмысы тиімдірек болмақ. Шекара маңы өңірлерінің өзен бойында салынатын нысандар, атқарылатын өзге де жұмыстар туралы жоспарларымен бөлісуі туындауы мүмкін техногенді және экологиялық мәселелердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Траншекаралық өзендер бойынша атқаруға болатын кезекті бағыт – төтенше жағдайларда шекаралық өңірлердің бірлесе әрекет етуін жолға қою. Апат айтып келмейді. Өзендердің су ағыны толықтай бақылауға алынған қазіргі кезеңде апатты жағдайлар көбінде өзара келісілмеген іс-әрекеттің барысында туындап жатады. Бұл ретте төтенше жағдай орын алғанда көрші өңірлерді уақтылы ақпараттандырумен қатар оның салдарын еңсеру бойынша бірлесе жұмыс жасау жақсы нәтиже берген болар еді.

Гидрологиялық болжамдармен өзара бөлісу. Ірі өзендердің, бастауынан бастап сағасына дейін судың ағынындағы мүмкін болатын өзгерістерді тіркеп отыратын бекеттер болады. Бірақ, аймақтағы өзендер ағынын гидрологиялық болжамдауға қажетті бекеттер саны өте аз. Сондықтан, алдағы уақытта дәл гидрологиялық болжамдауға қажетті құрал жабдықтармен қамтылып, заманауи технологияларды пайдалана отырып, өзен суының ағынын қысқа, орта және ұзақ мерзімдік тұрғыдан гидрологиялық болжамдаудың біртұтас жүйесін құрған абзал. Бұл өз кезегінде өңіраралық бірлескен жұмысты жандандыруға, мемлекеттердің экономикалық және шаруашылық мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік бермек.

Шекаралық өңірлердегі трансшекаралық өзендер алабында бірлескен мемлекетаралық туристік жобаларды қолға алу. Мәліметті ақпарат көздерінен оқу оқырманға мағлұмат бергенімен, табиғат нысанын өз көзімен көру мүлдем өзгеше әсер сыйлайды. Сондықтан, өзеннің мемлекеттер, қала берді өңір үшін стратегиялық маңызын, қадірін дұрыс ұғындыру, өз өлкесінің табиғатын қастерлеуге баулу мақсатында бір жағынан экономикалық негізі бар бірлескен туристік жобаларды қолға алу қажет-ақ. Аталған жобалар жүзеге асқан жағдайда оның қатысушылары табиғат ресурстарына өзгеше, жанашырлық тұрғыдан қарай бастайтындығына сенім мол.

Шекаралық өңірлердің халқы үшін трансшекаралық өзендердің ахуалы туралы баннерлерді іліп, арнайы роликтерді даярлап, жергілікті телеарналардан, радиодан ақпараттандыру. «Халқымызда судың да сұрауы бар» деген нақыл сөз бар. Мемлекеттар арқылы ағып өтетін өзендердің мәселесі қазіргідей өткір тұрған уақытта ақпарат көздерінің мүмкіндіктерін пайдалану аса маңызды. Бұл ретте арнайы бағдарламалардың, хабарлардың, жаңалықтардың форматын пайдалану қажет.

Өңірлердің халық көп жүретін негізгі күре тамыр жолдарының бойында арнайы баннерлерді ілудің де нәтижесі жақсы болмақ. Аталған қадамдар өзендер бойынша қоғамдық бақылаудың орнауына оң ықпалын тигізетін болады.

Бүгінгі күні жалпылама алғанда, еліміздің аумағы арқылы ағып өтетін трансшекаралық өзендер бойынша көрші мемлекеттермен ынтымақтастық жайы бірқатар ілгерілеуіне қарамастан әлі де күрделі күйінде қалып отыр. Бір анығы мәселе ортақ, сондықтан, шешім де, жұмыс та ортақ болуы тиіс. Дей тұрғанмен, жақын келешекте түрлі сипаттағы факторлардың (геосаяси және табиғи) ықпалымен аймақ елдері ортақ мәміле саясатын ұстанып, трансшекаралық өзендерге байланысты баршаға тиімді ахуалдың қалыптасатындығына сенім білдіреміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- 1 *Водные ресурсы Казахстана в новом тысячелетии. Обзор.* – Алматы. – 2004. – 132 с.
- 2 *Конвенция по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер. Хельсинки, 17 марта 1992 года.* – Режим доступа: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pdf/waterconr.pdf
- 3 *Сидорова С. Государства центральной Азии: проблемы совместного использования трансграничных водных ресурсов // Центральная Азия и Кавказ.* – 2008 – № 1.
- 4 *Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасын мақұлдау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 қыркүйектегі №1175 қаулысы.* – Режим доступа: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010001175_.
- 5 *2015 жылғы 1 қаңтарға Қазақстан Республикасының облыстары, қалалары және аудандары бойынша халық саны. ҚР Ұлттық экономика министрлігі, Статистика комитеті. 2015. Демография. Серия 14.*
- 6 *Развитие сотрудничества по адаптации к изменению климата в трансграничных бассейнах рек Чу и Талас. Казахстан и Кыргызстан. Краткое изложение. Zoï Environment Network, 2014.* – 21 с.
- 7 *Казахстан призвал Кыргызстан принять срочные меры по восстановлению канала «Быстромок».* – Режим доступа: https://www.kt.kz/rus/politics/kazakhstan_prizval_kirgizstan_prinjatj_srochnie_meri_po_vosstanovleniju_kanala_bistrotok_1153575221.html.
- 8 *Гриняев С.Н., Фомин А.Н. Актуальные вопросы применения механизма биржевой торговли для решения водно-энергетических проблем стран Центральной Азии. Аналитический доклад.* – М.: АНО «Центр стратегических оценок и прогнозов», 2009. – 52 с.
- 9 *Валентини К. Л., Оролбаев Э. Э., Абылгазиева А. К. Водные проблемы Центральной Азии.* – Б.: Фонд им. Ф.Эберта, 2004. – 142 с.
- 10 *Ибатуллин С. Р., Ясинский В. А., Мироненков А. П. Влияние изменения климата на водные ресурсы в Центральной Азии. Отраслевой обзор.* – Алматы, : Евразийский банк развития, 2009. – 44 с.
- 11 *Ж. Ә. Каринбаев. Орталық азиядағы трансшекаралық өзендер мәселесі және Қазақстанның ұстанымы // Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет. 2015 №1, 67–75 бб.*
- 12 *Шулепина Н. В. Зимний паводок на Сырдарье* – Режим доступа: <http://www.kungrad.com>; <http://www.webcitation.org/69XTTNg2p> – 2009.
- 13 *Тасқынға – тосқын, алқапқа береке болар Көксарай. Алаш айнасы, 2010 19 наурыз. № 45.*
- 14 *Впервые за последнее десятилетие на юге нет весенних наводнений* – Режим доступа: <http://news.nur.kz>; <http://www.webcitation.org/69XTaWI9T>.
- 15 *Проект РРССАМ-2 поможет сохранить Арал* – Режим доступа: <http://www.easttime.ru/news/kazakhstan/proekt-rrssam-2-pomozhet-sokhranit-aral/8772>.
- 16 *Малый Арал больших надежд. В казахстанском мини-море уже проводят регаты,* – О. Давыдова – Режим доступа: <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1415785500>.

17 Порох А. Н. Россия и Казахстан в решении трансграничных водных проблем // *Вестн. Волгогр. гос. ун-та. Сер. 4, Ист.* 2009. № 2 (16).

18 *Известия Самарского научного центра Российской академии наук*, том 14, №1(9), 2012.

19 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001. – 720 б.

20 Иртыш тревоги нашей // *Казахстанская правда*. – 2010 30 июля.

21 Миловзоров А. Китайцы устроят в Сибири великую сушь – Режим доступа: www.utro.ru/articles/2005/12/06/501591.shtml.

22 Водные ресурсы и адаптационные интервенции в Центральной и Западной Азии. Краткие выводы по основным результатам. *Азиатский банк развития*, 2012. – 12 с.

Дата поступления статьи в редакцию 02.06.2016